



**ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

## **№15 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

**Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы  
банкаралық және инвестициялық ынтымақтастық жөніндегі шағын комиссия отырысының он  
алтыншы отырысын өткізу туралы**

2017 жылғы 31 мамыр

Алматы қ.

2017 жылғы 25 мамырда Астрахань қ. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының ұлттық (орталық) банктері, «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТБ, «Мәскеу биржасы» ААҚ, «Ұлттық есеп айырысу депозитарийі» ЖАҚ КЕҚ, Мемлекетаралық банк, Сыртқы экономикалық банк, сондай-ақ Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері және Ресей Федерациясының кредиттік ұйымдары өкілдерінің қатысуымен Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы банкаралық және инвестициялық ынтымақтастық жөніндегі шағын комиссия отырысының он алтыншы отырысы өтті.

Осы іс-шараның ұйымдастырушысы Ресей Федерациясының орталық банкі болды. Қазақстан делегациясын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Д.Ақышев, Ресей делегациясын Ресей Федерациясының Орталық Банкі Төрағасының бірінші орынбасары С.Швецов басқарды.

Отырыс барысында Шағын комиссияның Қазақстан және Ресей тараптарының (бұдан әрі – Тараптар) қатысушылары бірқатар өзара ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Атап айтқанда, екі елдің қор нарықтарын үйлестіру саласындағы бірлескен қызмет мәселелері, Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының нарықтарында және ЕАЭО кеңестігінде қайта сақтандыру кеңістігін қалыптастыру мәселелері, Ресей мен Қазақстанның коммерциялық банктерінің банктік қызметінің тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстар қаралды. Тараптар Ресей Федерациясының және Қазақстан Республикасының экономикалары мен банк секторларының жай-күйі туралы ақпаратпен, сондай-ақ исламдық қаржыландыру форматында қаражат тарту мәселелері бойынша тәжірибе алмасты.

Сонымен қатар, Тараптар теңге-рубль валюталық жұбымен биржалық сауда-саттық көлемін ұлғайту мақсатында одан әрі бірлескен жұмыс бойынша ұсынымдар әзірледі, ұлттық валюталармен есеп айырысу және конверсиялық операцияларды жүзеге асыру бойынша ынтымақтастықты кеңейту мақсатында Мемлекетаралық банктің қызметі туралы ақпаратты назарға алды.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)